1 Қосар алдын теледидар мен қосылатын құрылғы өшірілуі тиіс.

2 **COMPONENT** типіндегі кабелдермен (жеткізілім жиынтықтамасына кірмейді) теледидардың Y, Pb, Pr (жасыл, көк, қызыл) және L-Audio-R (ақ, қызыл) жалғағыштары мен DVD-ойнатқышты, ойын приставкасын және т.с.с. қосыңыз.

3 **COMPONENT** типіндегі кабелдермен қосылған құрылғыны таңдау үшін қашықтан басқару пультындағы

**SOURCE** батырмасын басыңыз, **▼▲** батырмаларын басып, **YPbPr** таңдаңыз да **OK** батырмасын басыңыз.

### 5-нұсқа VGA стандарты бойынша қосу (15 түйспелі Sub-D жалғағышы)

1 **VGA** типіндегі кабелмен (жеткізілім жиынтықтамасына кірмейді) теледидардың **VGA** жалғағышы мен ДК/ноутбукті қосыңыз.

2 **VGA** типіндегі кабелмен қосылған ДК/ноутбукті таңдау үшін қашықтан басқару пультындағы **SOURCE** батырмасын басыңыз, **▼▲** батырмаларын басып, **PC** таңдаңыз да **OK** басыңыз.

Ескертпе: **VGA** жалғағышы бейнесигналды ғана беруге арналған. ДК/ноутбуктен аудиосигналды беру үшін қосымша кабелмен теледидардың PC Audio (3,5 мм) аудиошығысын ДК/ноутбуктің құлақпаққа арналған жалғағышымен (3,5 мм) қосқан жөн.

### 6-нұсқа USB стандарты бойынша қосу

1 Теледидар көптеген USB-құрылғылардың және бірқатар сандық камера моделдерінің жұмысын қолдайды.

2 **USB**-құрылғыны (жеткізілім жиынтықтамасына кірмейді) немесе **USB**-кабелді (жеткізілім жиынтықтамасына кірмейді) теледидарға қосыңыз.

3 **USB** типіндегі кабелмен қосылған құрылғыны таңдау үшін қашықтан басқару пультындағы **SOURCE** батырмасын басыңыз, **▼▲** батырмаларын басып, **USB** таңдаңыз да **OK** батырмасын басыңыз.

1-ескертпе: \*.jрд және \*.mp3 пішіміндегі файлдар ғана оқылады, басқа пішімдегі файлдар оқылмауы мүмкін. 2-ескертпе: Apple iPhone смартфондары мен Apple iPod ойнатқыштары теледидардың осы моделімен үйлеспейді. 3-ескертпе: Кез-келген құрылғыны **USB**-жалғағышқа қосқан кезде **USB**-кабелдің ұзындығы минималды болуы тиіс.

### 7-нұсқа Құлақпаққа арналған шығыс

Құлақпақ штекерін теледидардағы құлақпаққа арналған ұяға сұғыңыз. Теледидар динамикері ажыратылады. Қажет жағдайда сыртқы динамикерді қосуға да болады.

### 8-нұсқа САНДЫҚ АУДИОШЫҒЫС (COAXIAL)

**COAXIAL** – бұл сандық аудиосигналды аудиотехникаға беруге арналған интерфейс, мәселен, үй кинотеатры және теледидарға жақын орналасқан басқа сандық HiFi-жабдығы. Сигнал **RCA** жалғағыштары бар коаксиалды кабел арқылы беріледі.

1 Қосар алдын теледидар мен қосылатын құрылғы өшірілуі тиіс.

2 **AV** кабелдермен (жеткізілім жиынтықтамасына кірмейді) теледидардың **COAXIAL** жалғағышы мен үй кинотеатрының аудиожүйесін немесе басқа сандық HiFi-жүйесін және т.с.с. қосыңыз

### 9-нұсқа LNB KIPICI

Жерсеріктік кабелді артқы панелдегі **LNB** жалғағышына қосыңыз.

Осыдан кейін қозғалтқышты қосуға болады. **DVB-S2** режиміне ауысып, арналарды іздеуді бастау үшін "Source" басыңыз.



## ЖАЛПЫ ИНТЕРФЕЙС

Жалпы интерфейс (CI) жалғағышы шартты қолжетімділік (СА) модулін және телехабарларды ақылы көру және қосымша қызметтерді пайдалану үшін Smart-картаны орнатуға арналған.


Осы модульдер және жазылуды ресімдеу тәртібі туралы қосымша мәліметтерді алу үшін жалпы интерфейс қызметінің провайдеріне жүгініңіз.

Біздің компанияның СА-модульдері мен Smart-карталарды жеткізбейтініне, сондай-ақ оларды қосымша жабдық ретінде ұсынбайтынына назар аударыңыз.

### ⚠ Абайлаңыз

- Модульді Common Interface жалғағышына салар алдын теледидарды өшірген жөн.

- 1 САМ-модульді дұрыс орналастырыңыз, кейін Smart-картаны теледидардың бүйірлік панеліндегі CI-жалғағышқа салыңыз.



- 2 Теледидарды қосқан соң келесі хабарлама шығады (егер CI-модуль табылса). Картаның белсендірілу сәтін күтіңіз.

CI Module Inserted


- 3 MENU батырмасын басыңыз, кейін ▼ ▲ батырмаларының көмегімен CI апараты тармағын таңдаңыз.



- 4 Пайдаланылатын CI-карта туралы толық мәлімет шығады.
- 5 Карта мәзіріне өту үшін ОК батырмасын басыңыз. Баптау туралы ақпаратты модульді пайдалану нұсқаулығынан қар.
- 6 Модульді шығарған соң экранда келесі хабарлама шығады.


CI Module Removed

## 03 Қашықтан басқару пульты



9	<b>YouTube</b>	Функциясы жоқ.
	<b>Mute</b>	Дыбысты қосу, өшіру.
	<b>TOOL</b>	Құрал-саймандар мәзірінің мәнін шығару.
10	<b>VOL +/-</b>	Дауыс қаттылығы деңгейін реттеу.
11	<b>APP</b>	Функциясы жоқ.
12	<b>FAV</b>	Таңдаулы арналар тізіміне өту. Телемәтін режимінде – бетті ұстап қалу.
13	<b>◀◀ (reverse)</b>	Мультимедия режимінде кері бағытта ойнату.
14	<b>▶▶ (Play)</b>	Мультимедия режимінде және уақыт бойынша жылжыту режимінде ойнату.
15	<b>■ (stop)</b>	Мультимедияны, жазуды және уақыт бойынша жылжыту режимін тоқтату.
16	<b>SOURCE</b>	Сигнал көздерінің тізіміне өту.
17	<b>🏠</b>	Функциясы жоқ.
18	<b>GUIDE</b>	ТВ режимінде электронды хабарлар бағдарламасын шығару. Телемәтін суббетін шақыру.
19	<b>EXIT</b>	Экран мәзірінен шығу. Телемәтін режимінде – мәтінді жасырады.
20	<b>CH</b>	Арналарды ауыстыру.
21	<b>CH.LIST</b>	Арналар тізіміне өту. Телемәтін режимінде – үстіңгі, астыңғы және толыққанды кескін арасында ауысу.
22	<b>▶▶▶ (forward)</b>	Мультимедия режимінде алдыға қарай жылдам өткізу.
23	<b>● (REC)</b>	Сандық ТВ режимінде қаралатын телехабарды жазу.
24	<b>⏸ (Pause)</b>	Мультимедия режимінде және уақыт бойынша жылжыту режимінде кідірту.
25	<b>Түсті батырмалар</b>	Бағдарламаларды түзету: жою, атын өзгерту, орнын ауыстыру, өткізіп жіберу. Электронды хабарлар бағдарламасы: жазба, ақпарат, бағдарлама, еске салу.

### Қашықтан басқару пультына батареяларды орнату



1. Батареялар бөлімінің қақпағын ашыңыз.
2. Батареяларда және бөлім ішінде көрсетілген полярлықты (+/-) сақтай отырып, кернеуі 1,5 В екі AAA батареясын салыңыз.
3. Батареялар бөлімінің қақпағын орнына жабыңыз. Егер теледидар жұмысында және оны басқаруда жаңылыстар орын алғаны байқалса, дәлірек айтқанда, егер теледидар пульт батырмаларын басқанда жауап қайтармаса, батареяларды жаңа батареяларға ауыстырған жөн.



### Ескертпе:

- 1) Сілтілі батареяларды пайдалану ұсынылады.
- 2) Батареяларды заряды таусылған болса, сондай-ақ қашықтан басқару пульты ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, алып қойған жөн.

№	Батырма	Суреттемесі
1	<b>⏻ (Power)</b>	Теледидарды қосу және өшіру.
2	<b>S.MODE</b>	Дыбыс режимін таңдау.
3	<b>P.MODE</b>	Кескін режимін таңдау.
4	<b>0-9</b>	Арна нөмірін немесе құпиясөзді енгізу.
5	<b>Q.VIEW</b>	Өткен арнаны қосу.
6	<b>INFO</b>	Арна туралы ақпаратты шығару. Телемәтін режимінде – жасырын ақпаратты шығару.
7	<b>MENU</b>	Экранға мәзірді шығару. Телемәтін режимінде – ИНДЕКС бетіне өту.
8	<b>OK</b>	Таңдауды растау.
9	<b>▲▼▶</b>	Экран мәзірі тармақтары арасында өту.
10	<b>BACK</b>	Өткен экранға оралу. Телемәтін режимінде – аралас режимге өту.

**ТЕЛЕМӨТІН**


Телемөтін белгілі бір арналар арқылы таратылатын газет сияқты оқуға болатын ақпараттық жүйе. Бұл функция құлағы естімейтін (нашар еститін) немесе хабар (кабель желісі, жерсеріктік арналар және т.б.) тілін білмейтін көрермендерге субтитрлерді қолдануға мүмкіндік береді.

Батырма	Әрекет
TEXT (мәтін)	Телемөтін режимдерін шақыру немесе олардан шығу үшін пайдаланылады. Қолжетімді тармақтар тізбесі шығарылады. Әр тармақтың үш саннан тұратын тиісті бет нөмірі бар. Егер таңдалған арна үшін телемөтін функциясы ұстамайтын болса, онда бос экранға 100 мәні шығарылады (бұл жағдайда телемөтін режимінен шығып, басқа арнаны таңдау қажет).
SELECTING A PAGE (бетті таңдау) 	0-ден 9-ға дейінгі сандарды пайдаланып, керек беттің нөмірін енгізіңіз (үстіге/астыға көрсеткілермен). Мысал: 120 бетін шақыру үшін 120 санын енгізіңіз. Бет нөмірі үстінде сол жақта көрсетіледі, санағыш ауысады да тиісті бет көрсетіледі. Басқа бетті қарау үшін жоғарыда аталған әрекеттерді қайталаңыз. Егер санағыш іздеуді жалғастырса, бұл беттің берілмегенін білдіреді. Басқа нөмір енгізіңіз.
DIRECT ACCESS TO THE ITEMS (тармақтарға тікелей қолжетімділік) 	Экранның астыңғы бөлігінде астынан әртүрлі түстермен жарық түсірілетін аймақтар көрсетіледі. Тармақтарға немесе тиісті беттерге қол жеткізу үшін төрт түрлі-түсті батырма қарастырылған. Егер қажетті тармақ немесе бет қол жетімсіз болса, астынан жарық түсірілетін аймақтар жыпылықтайды.
INDEX (мазмұны)	Мазмұны бетіне оралу (әдетте, 100 беті).
SUB PAGE (суб бет)	Кейбір беттер үшін автоматты түрде кезекпен көрсетілетін суб беттер қарастырылған. Батырма суб беттерді шығару процесін тоқтата тұру немесе жаңғырту үшін пайдаланылады. Тиісті индикатор үстінде сол жақта көрсетіледі.
HOLD (ұстап тұру)	Бет экранда ұсталып тұрады.
REVEAL (көрсету)	Жасырын ақпаратты көрсету немесе жою (ойын шешімдері).
MIX (біріктірілген режим)	Телемөтін, хабарлар, кескіндер бірге көрсетіледі.
EXIT (шығу)	Телемөтіннен шығу.
SIZE (өлшем)	Кескінді үстіңгі бөлікке, астыңғы бөлікке, бүкіл экранға ауыстыру.

# 04 ПАЙДАЛАНУ

## Баптау нұсқаулығы

Баптау нұсқаулықтары теледидарды алғаш қосқанда ғана, сондай-ақ зауыттық баптауларды қайтарған соң шығады.




1). Мәзір бойынша навигация және баптауларды өзгерту ▲▼ батырмаларының көмегімен жүзеге асырылады. Таңдауды ОК батырмасын басумен растаңыз. Мәзір тілін таңдаңыз.

### "Үй" және "Дүкен" режимдері


1. Құрылғыны алғаш қосқанда инициализация баптауларының мәзірі шығады. Экран мәзірінің тілін таңдаған соң пайдаланушы "Дүкен" және "Үй" режимдерінің біреуін таңдай алады. Экранда баптау мәзірі пайда болады, меңзер "Үй" нұсқасында болады. Басқа нұсқаны ◀▶ батырмасымен таңдауға болады, мәзірге кіру үшін "OK" басу қажет.




Егер "Дүкен" режимін таңдайтын болсаңыз, келесі мәзір пайда болады.




Келесі сұрау мәзірін шығару үшін "OK" басыңыз.



Инициализация баптаулары мәзіріне оралу үшін "Болдырмау" дегенді басыңыз – бұл орайда меңзер "Үй" нұсқасында қалады.



Ескертпе: Үнсіздік бойынша құпиясөз - 0000.  
2). ▲▼ батырмаларының көмегімен DVB-T/DVB-C/DVB-S2 таңдаңыз да таңдауыңызды ОК батырмасын басып растаңыз.



a. DVB-T таңдаған жағдайда, келесі қадам – баптау типі мен елді таңдау болады. Кейін баптауды бастау үшін ОК батырмасын басу қажет.



b. DVB-C нұсқасы таңдалған болса, келесі қадам - DVB-C жүйесін баптау болады (сканерлеу типі / жиілігі / желі идентификациясы / нышаны (KS/S), содан кейін баптау типі және елді таңдау мәзіріне өту үшін ОК басу керек. Бұл саты DVB-T нұсқасына ұқсас – баптау типін таңдау қажет (DTV/ATV). Елді таңдаңыз да баптауды іске қосу үшін ОК басыңыз.



c. Егер Cis DVB-S2 нұсқасын таңдаған болсаңыз, үнсіздік бойынша DVB-S2 арналар тізімін жүктеуге немесе арналарды жаңадан іздеуді орындауға болады.

Ескертпе:  
Осы сатыда "Италия" елі нұсқасын таңдаған жағдайда жазу және уақыт бойынша жылжыту функциясы қолжетімсіз болады.


3) Арналарды баптау басталады. Бұл операцияға бірнеше минут кетуі мүмкін. Дисплейде баптау барысы мен табылған арналар саны көрсетіледі.

4) Егер Сіз ATV (аналогтық ТВ) баптауын өткізіп жібергіңіз келсе, MENU батырмасын басыңыз – баптау үзіледі. Экранда сұрау шығады - ◀ батырмасымен растау үшін ИӨ таңдаңыз. Осыдан кейін Сіз тікелей ATV баптауына өтіп кетесіз. DTV (цифрлық ТВ) баптауын да жоғарыдағыдай өткізіп жіберуге болады. Теледидарды келесі жолы қосқанда баптау қажеттілігі туралы еске салу шығады.

5) Баптауды аяқтаған соң арналар белгіленген тәртіппен орналасады. Егер Сіз белгілі бір арналарды өткізіп жібергіңіз, белгіленген тәртіпті өзгертіңіз немесе арналардың атын өзгертіңіз келсе, Арналар мәзірінде Бағдарламаларды түзету тармағын таңдаңыз.



6) Құттықтаймыз



## 1. АРНАЛАР МӘЗІРІ


### 1.1) Автобаптау (DVB-T)

1). MENU мәзірін басыңыз да ▼▲ батырмаларының көмегімен АРНАЛАР мәзірін таңдаңыз, кейін ОК батырмасын басыңыз.


2). ▼▲ батырмаларымен Автобаптауды таңдап, ОК басыңыз.



3). ▼▲ батырмаларымен DVB-T/DVB-C/DVB-S2 таңдаңыз. DVB-T таңдап, растау үшін ОК басыңыз.




4). Баптау типі мәзірінде ◀▶ батырмаларының көмегімен ATV / DTV / DTV + ATV таңдаңыз. ▼ батырмасын басыңыз да ◀▶▲ батырмаларының көмегімен теледидар пайдаланылып жатырған елді таңдаңыз. Таңдауды ОК батырмасын басумен растаңыз.



5). Арналарды баптау басталады. Бұл операцияға бірнеше минут кетуі мүмкін. Дисплейде баптау барысы мен табылған арналар саны көрсетіледі.


6). Егер Сіз ATV (аналогтық ТВ) баптауын өткізіп жібергіңіз келсе, MENU батырмасын басыңыз – баптау үзіледі. Экранда сұрау шығады - ◀ батырмасымен растау үшін ИӨ таңдаңыз. Осыдан кейін Сіз тікелей ATV баптауына өтіп кетесіз. DTV (цифрлық ТВ) баптауын да жоғарыдағыдай өткізіп жіберуге болады.

7). Баптауды аяқтаған соң арналар белгіленген тәртіппен орналасады. Егер Сіз белгілі бір арналарды өткізіп жібергіңіз, белгіленген тәртіпті өзгертіңіз немесе арналардың атын өзгертіңіз келсе, Арналар мәзірінде Бағдарламаларды түзету тармағын таңдаңыз.




## 1.2) Автобаптау (DVB-C)

- 1). MENU мәзірін басыңыз да ▼▲ батырмаларының көмегімен АРНЛАП мәзірін таңдаңыз, кейін ОК батырмасын басыңыз.
- 2). ▼▲ батырмаларымен Автобаптауды таңдап, ОК басыңыз.




- 3). ▼▲ батырмаларымен DVB-T/DVB-C/DVB-S2 таңдаңыз. DVB-C таңдап, таңдауды ОК батырмасын басумен растаңыз.




- 4). ▼▲ батырмаларының көмегімен Сканерлеу типін/Нышанды (Ks/S) таңдаңыз да таңдауыңызды ОК батырмасын басып, растаңыз.



- 5). Баптау типі мәзірінде ◀▶ батырмаларының көмегімен ATV / DTV / DTV + ATV таңдаңыз. ▼ батырмасын басыңыз да ◀▶▼▲ батырмаларының көмегімен теледидар пайдаланылып жатырған елді таңдаңыз. Таңдауды ОК батырмасын басумен растаңыз.



- 6). Арналарды баптау басталады. Бұл операцияға бірнеше минут кетуі мүмкін. Дисплейде баптау барысы мен табылған арналар саны көрсетіледі.
- 7). Егер Сіз ATV (аналогтық ТВ) баптауын өткізіп жібергіңіз келсе, MENU батырмасын басыңыз – баптау үзіледі. Экранда сұрау шығады - ◀ батырмасымен растау үшін ИӨ таңдаңыз. Осыдан кейін Сіз тікелей ATV баптауына өтіп кетесіз. DTV (цифрлық ТВ) баптауын да жоғарыдағыдай өткізіп жіберуге болады.
- 8). Баптауды аяқтаған соң арналар белгіленген тәртіппен орналасады. Егер Сіз белгілі бір арналарды өткізіп жібергіңіз, белгіленген тәртіпті өзгертіңіз немесе арналардың атын өзгертіңіз келсе, Арналар мәзірінде Бағдарламаларды түзету тармағын таңдаңыз.



### Ескертпе

ATV, DTV және Радионы қоса, барлық арналарды DTV+ATV баптау типі таңдау арқылы біржола баптауға болады. Автобаптаудан кейін бұрын сақталған арналардың бәрі жоғалады.

## 1.3) Автобаптау (DVB-S2)

- 1). MENU мәзірін басыңыз да ▼▲ батырмаларының көмегімен АРНЛАП мәзірін таңдаңыз, кейін ОК батырмасын басыңыз.
- 2). ▼▲ батырмаларымен Автобаптауды таңдап, ОК басыңыз.
- 3). ▼▲ батырмаларымен DVB-T/DVB-C/DVB-S2 таңдаңыз. DVB-C таңдап, таңдауды ОК батырмасын басумен растаңыз.
- 4). Арналарды жаңадан іздеуді бастау үшін КӨК батырманы басыңыз. Арналарды іздеуді өткізіп жіберіп, үнсіздік бойынша арналар тізімін жүктеу үшін Exit батырмасын басыңыз.

### 2.1) DTV қолмен баптау (DVB-T)

- 1). MENU мәзірін басыңыз да ▼▲ батырмаларының көмегімен АРНЛАП мәзірін таңдаңыз, кейін ОК батырмасын басыңыз.

- 2). ▼▲ батырмаларының көмегімен DTV қолмен баптауды таңдап, ОК батырмасын басыңыз.



- 3). DTV қолмен баптау экраны пайда болады. ◀▶ батырмаларымен қажет етілетін UHF арнасын таңдап, ОК батырмасын басыңыз, содан кейін осы арнаны іздеу басталады. Сигнал қабылданған соң экранда кескін мен сигнал деңгейі туралы ақпарат пайда болады.

- 4). Бас мәзірге оралу үшін MENU батырмасын басыңыз.  
5). Мәзірден шығу үшін EXIT батырмасын басыңыз.




## 2.2) DTV қолмен баптау (DVB-C)

- 1). MENU мәзірін басыңыз да ▼▲ батырмаларының көмегімен АРНАЛАР мәзірін таңдаңыз, кейін ОК батырмасын басыңыз.  
2). ▼▲ батырмаларының көмегімен CADTV қолмен баптауды таңдап, ОК батырмасын басыңыз.



- 3). CADTV қолмен баптау экраны пайда болады.

- ▼▲ батырмаларымен Жілікті / Нышанды (ks/s/QAM QAM типі) таңдаңыз, ОК батырмасын басыңыз - осы арнаны іздеу басталады. Сигнал қабылданған соң экранда кескін мен сигнал деңгейі туралы ақпарат пайда болады.  
4). Бас мәзірге оралу үшін MENU батырмасын басыңыз.  
5). Мәзірден шығу үшін EXIT батырмасын басыңыз.



## 3). DVB-S2 стандарты

### 3.1) Бастапқы баптау

Сигнал алу мәзіріне кіру үшін қорек көзі батырмасын басыңыз да бағыт батырмаларының көмегімен DVB-S2 таңдаңыз, содан кейін таңдауды ОК басып растаңыз. ASTRA үшін арналар тізімі орнатылып қойылған. Енді теледидар қарау үшін бәрі дайын.

#### ⚠ Ескертпе

Егер Сіз басқа жерсеріктерді пайдаланатын болсаңыз, тиісті жерсерік үшін жүйені баптау нұсқаулығына еріңіз. Егер Сіз бір жерсеріктен көп пайдаланатын болсаңыз, өзіңіздің жерсерік баптауларында пайдаланылатын олар үшін тиісті DiSEqC-LNB көрсету қажет.

### 3.2) Жерсерік баптаулары

Жерсеріктер үшін келесі баптауларды орындаңыз.

**Жерсеріктер тізімі:** ▼/▲ батырмаларымен жерсерікті таңдаңыз – оның баптаулары оң жағында көрсетіледі.

**LNB типі:** Гетеродин жиіліктері түрінде көрсетілген LNB типтерінің тізімін ашу үшін ◀▶/ОК басыңыз. Сіз жиілікті тізім астындағы Пайдаланушының дара және Пайдаланушының қосарлы опциялары арқылы басқара да аласыз.

**LNB қуаты:** ◀▶ батырмаларымен LNB қуатын орнатыңыз.

**22K:** ◀▶ батырмаларының көмегімен, егер LNB типі – қосарлы гетеродин болса, автоматты түрде орнатылатын 22K қосылады және өшіріледі.

Үндестік сигналдар топтамасы:	Үндестік сигналдар топтамасы коммутаторын қосу және өшіру.
DiSEqC1.0:	LNB үшін 4-ке дейін тиісті портты таңдаңыз.
DiSEqC1.1:	LNB үшін 16-ға дейін тиісті портты таңдаңыз.
Қозғалтқыш:	СОЛФА/ОҢҒА батырмаларымен DiSEqC 1.2 немесе DiSEqC 1.3 таңдаңыз. ОК басыңыз – күйді анықтауға арналған мезір шығады.
DiSEqC 1.2:	Қозғалтқышты сигналды қағып алу үшін талап етілетін күйге орнатыңыз.
DiSEqC1.3:	Қозғалтқышты жерсерік орны мен күйіне сәйкес орнатыңыз.

Қозғалтқыш баптаулары:	DiSEqC таңдап, ОК басыңыз.
Автотуралу:	СОЛФА/ОҢҒА батырмаларымен батыс/шығыс жаққа қозғалыс жүзеге асырылады. Сигнал қағып алынғанда қозғалтқыш автоматты түрде тоқтайды.
Сатысыз туралу:	СОЛФА/ОҢҒА батырмаларымен батыс/шығыс жаққа қозғалыс жүзеге асырылады. Қозғалыс Сіз оны тоқтатпайынша жалғасады.
Сатылы туралу:	СОЛФА/ОҢҒА батырмаларын басқанда қозғалтқыш бір қадамға жылжиды.
Күйді сақтау:	Қозғалтқыштың ағымдағы күйі сақталады.
Күйге өту:	СОЛФА/ОҢҒА батырмаларын басқанда қозғалтқыш сақталған күйге жылжиды.
Байлау бойынша өту:	Барлық күйді тоқтату.

### 3.2.1) Жерсерік баптаулары

**Жерсеріктерді қосу:** Жаңа жерсерікті қосу үшін **ҚЫЗЫЛ** батырманы басыңыз. Бұл ретте виртуалды пернетақта көмегімен жерсеріктің бірегей ұзақтығы мен атауын енгізу қажет.

**Жерсеріктерді түзету:** Белгіленген жерсерікті түзету үшін **ЖАСЫЛ** батырманы басыңыз.

**Жерсерікті жою:** Белгіленген жерсерікті жою үшін **САРЫ** батырманы басыңыз.

Растау үшін **ОК** басыңыз.

### 3.2.2) Транспондер

**GUIDE** батырмасын басқан кезде белгіленген жерсерік үшін транспондерлер тізімі шығады. **GUIDE** батырмасын қайта басу жерсеріктер тізімін қайтарады.

**Транспондерді қосу:**

Жаңа транспондерді қосу үшін **ҚЫЗЫЛ** батырманы басыңыз. Сол бір жерсерік үшін қолданыстағы ТП сақтауға болмайды.

**Транспондерді түзету:**

Белгіленген транспондерді түзету үшін **ЖАСЫЛ** батырманы басыңыз. Сол бір жерсерік үшін қолданыстағы ТП сақтауға болмайды.

**Транспондерді жою:**

Белгіленген транспондерді жою үшін **САРЫ** батырманы басыңыз. Растау үшін **ОК** басыңыз.

**Бір транспондер бойынша сканерлеу:**

Сканерлеу баптаулары мәзірін ашу үшін **КӨК** батырманы басыңыз. Баптаудан кейін сканерлеуді бастау үшін **ОК** басыңыз.

**Бірнеше транспондер бойынша сканерлеу:**

"√" белгісін қоя отырып транспондерлерді таңдау үшін **ОК** батырмасын басыңыз, кейін **КӨК** батырманы басып сканерлеу баптаулары мәзірін ашыңыз. Баптаудан кейін бірнеше транспондер бойынша сканерлеуді бастау үшін **ОК** басыңыз.

### 3.2.3) Арнаны іздеу

**Бір жерсерік бойынша сканерлеу:**

Сканерлеу баптаулары мәзірін ашу үшін **КӨК** батырманы басыңыз.

**Сканерлеу режимі:** ◀/▶ батырмаларымен үнсіздік бойынша опцияны, яғни үнсіздік бойынша кіріктірілген транспондерлерді сканерлеуді немесе Соқыр іздеу және Желі опциясын, яғни қосулы NIT-мен сканерлеуді таңдаңыз.

**Шифрлау:** ◀/▶ батырмаларымен Барлық арнаны немесе FTA арналарын таңдаңыз;

**Сервис типі:** ◀/▶ батырмаларымен БАРЛЫҒЫ, DTV немесе Радио таңдаңыз. Жоғарыда көрсетілген баптаулармен сканерлеуді бастау үшін **ОК** басыңыз.

**Бірнеше жерсерік бойынша сканерлеу:**

"√" белгісін қоя отырып транспондерлерді таңдау үшін **ОК** батырмасын басыңыз, кейін **КӨК** батырманы басып сканерлеу баптаулары мәзірін ашыңыз. Бір жерсерік бойынша сканерлеуге ұқсас баптаудан кейін бірнеше жерсерік бойынша сканерлеуді орындау үшін **ОК** басыңыз.



### 3.3) Бағдарламаларды түзету

Бағдарламаларды түзету үшін (өткізіп жіберу, таңдаулылар, орнын ауыстыру, жою) бағдарламаларды түзету мәзірін ашу қажет болады.

#### ТВ- немесе радиобағдарламаны жою

Бағдарламаны таңдап, арнаны жою үшін **ҚЫЗЫЛ** батырманы басыңыз.

#### ТВ- немесе радиобағдарламаның орнын ауыстыру

Қажет бағдарламаны таңдаңыз да **САРЫ** батырманы басыңыз. Бағдарламаның ◀▶ батырмаларының көмегімен орнын ауыстырыңыз. Растау үшін тағы да **САРЫ** батырманы басыңыз.

#### ТВ- немесе радиобағдарламаны өткізіп жіберу

Өткізіп жібергізіп келетін бағдарламаны таңдаңыз да КӨК батырманы басыңыз. Өткізіп жіберу нышаны шығады. Бағдарлама өткізіп жіберілген ретінде белгіленді.

#### Таңдаулы бағдарламаларды орнату

▼▲ батырмаларымен бағдарламаны таңдаңыз, FAV батырмасын басыңыз – бағдарламаның оңжақ бөлігінде ♥ белгішесі шығады. Таңдаулылардан бағдарламаны жою үшін оны қайта таңдап, қайтадан FAV батырмасын басыңыз - ♥ белгішесі жоғалып кетеді. Таңдаулы бағдарламалар тобы құрылған соң таңдаулы арнаны FAV батырмасының көмегімен тез қосуға болады.

### 3.4) Сигнал туралы ақпарат

Таңдалған арна үшін сигнал сапасы мен кедергілер туралы ақпарат шығарылады.

### 3.5) CI бойынша ақпарат

Теледидарға қосылған CI картасы туралы ақпарат шығарылады.

### 3.6) EPG (электронды хабарлар бағдарламасы)

EPG – бұл экранға шығарылатын телехабарлар бағдарламасы, яғни бағдарламалар тізімі және әр бапталған арна үшін оларды жеті күн алдыға көрсету уақыты. Хабарлар бағдарламасын ашу үшін қашықтан басқару пультындағы **GUIDE** батырмасын басыңыз. Қазіргі уақытта көрсетіліп жатқан бағдарламалар тізімі шығады.

"Хабарлар бағдарламасын" таңдаңыз. Уақыт / Арна арасында қосылу үшін ◀▶ батырмалары пайдаланылады.

▼/▲ батырмаларының көмегімен қажет бағдарламаны таңдауға болады.

**Уақыт:** Таңдалған күн мен уақытқа дейін хабарлар тізімін шығару.

- Күнді өзгерту үшін "Күн / Уақыт" таңдаңыз да ◀▶ басыңыз.

**Арна:** Таңдалған арна үшін келесі күнге арналған хабарлар тізімін шығару.

- Арнаны өзгерту үшін "бағдарлама" тармағын таңдап, ◀▶ басыңыз.

**Еске салу:** Еске салу баптауларын ашу үшін **КӨК** батырманы басыңыз, баптауларды ашу үшін ОК басыңыз.

Орындалған баптаулар Сіздің кестеңізде сақталады.

**Жазу:** Жазу баптауларын ашу үшін **ҚЫЗЫЛ** батырманы басыңыз. Баптауларды сақтау үшін ОК басыңыз.

Орындалған баптаулар Сіздің кестеңізде сақталады.

**Ақпарат:** **ЖАСЫЛ** батырманы басқанда таңдалған көрсетілім туралы ақпарат шығады.

**Кесте:** Өзіңіздің жазу және еске салу баптауларына сәйкес кестені ашу үшін **САРЫ** батырманы басыңыз.

Таңдалған тармақтарды **ҚЫЗЫЛ** батырманы басып жоюға болады.

### 4). ATV қолмен баптау:

Сіз аналогтық ТВ арналарын іздеу және оларға дәл баптау үшін дыбыс жүйесін өзгерте, кейін таңдалған арналарды сақтай аласыз.

#### 🔧 Ескертпе

Қолмен баптаудан кейін арналарды сақтау үшін телемәтіннің қызыл батырмасын басыңыз.



### 5). Бағдарламаларды түзету:

Кез-келген бағдарламаны жоюға, атын өзгертуге, орнын ауыстыруға, өткізіп жіберуге және таңдаулыларға қосуға болады.

#### ● Жою

Меңзермен белгіленген бағдарламаны жою үшін телемәтіннің қызыл батырмасын басыңыз.

#### ● Атын өзгерту:

ATV бағдарламаларының ғана атын өзгертуге болады. Бағдарламаның атын өзгерту үшін оған меңзерді апарып, телемәтіннің жасыл батырмасын басыңыз. Нышандарды ▼▲ батырмаларымен таңдайды. Меңзерді ◀▶ батырмаларымен апарды. Түзету режимінен шығу үшін MENU батырмасын басыңыз, мәзірден шығу үшін EXIT басыңыз.

Ескертпе: ATV бағдарламаларының атауында көбі 5 нышан болады.

**● Орнын ауыстыру:**

Көрсеткілі батырмалар көмегімен орнын ауыстырғыңыз келген арнаны таңдаңыз. Орнын ауыстыру функциясын таңдау үшін сары батырманы басыңыз. Кейін көрсеткілі батырмалар көмегімен арнаның орнын ауыстырып, растау үшін ОК басыңыз.

**● Өткізіп жіберу:**

Бағдарламаны өткізіп жіберу үшін оны ▼▲ батырмаларымен таңдап, телемәтіннің көк батырмасын басыңыз. Экранның оңжақ бөлігінде Ⓞ белгішесі шығады. Өткізіп жіберуді болдырмау үшін өткізіп жіберілген бағдарламаны таңдаңыз да, көк батырманы тағы басыңыз. Ⓞ белгішесі жоғалып кетеді.

**◆ Таңдаулылар:**

▼▲ батырмаларымен бағдарламаны таңдаңыз, FAV батырмасын басыңыз – бағдарламаның оңжақ бөлігінде ♥ белгішесі шығады. Бағдарламаны таңдаулылардан жою үшін оны таңдап, тағы да FAV батырмасын басыңыз - ♥ белгішесі жоғалып кетеді.

Таңдаулы бағдарламалар тобы құрылған соң FAV батырмасының көмегімен таңдаулы арнаны тез қосуға болады.


**6). CI бойынша ақпарат: (опция)**

CI картасы туралы ақпаратты шығару.

**2. КЕСКІН МӘЗІРІ**

МӘЗІРДІҢ екінші тармағы - КЕСКІН.

Мұнда контраст, жарықтық және т.б. сынды кескін параметрлерін реттеуге болады.



**🔑 Ескертпе**

- 1). Реңк параметрі NTSC жүйесінде ғана қолжетімді.
- 2). Үш түстік температура режимінің бірін таңдауға болады - орташа, жылы немесе суық.
- 3). Көлденең және тік күйді, өлшем мен фазаны реттеуге болатын Экран тармағы PC режимінде ғана қолжетімді.

**3. ДЫБЫС МӘЗІРІ**

МӘЗІРДІҢ үшінші тармағы - ДЫБЫС. Мұнда дыбыс параметрлері – жоғары жиіліктері, басы, теңгерімі және т.б. реттеледі.



**🔑 Ескертпе**

Автоматты дауыс қаттылығы: кіріс сигналының дауысы өте қатты немесе ол бұрмаланған кезде ғана қолжетімді.

**4. УАҚЫТ МӘЗІРІ**

МӘЗІРДІҢ төртінші тармағы - УАҚЫТ.

Қоректі қосу/өшіру сағаты, уақыты, ұйқы таймері және т.б. орнатылады.




**🔑 Ескертпе**

Егер ұйқы режиміне автоматты өту функциясы қосылу болса, теледидар 15 минут бойы сигнал болмаған жағдайда ұйқы режиміне өтеді. Сағат уақыты DTV автоматты жүйесінен алынуы мүмкін.

**5. ОПЦИЯЛАР МӘЗІРІ**

МӘЗІРДІҢ бесінші тармағы - ОПЦИЯЛАР. Мұнда экран мәзірінің тілі, аудио тілі, субтитрлер тілі және т.б. орнатылады.



## Автоматты өшу

1. Егер қосқаннан кейін 4 сағат бойы теледидар жұмысында қандай да бір өзгерістер, мәселен, арналарды ауыстыру немесе дауыс қаттылығын реттеу болмаса, автоматты өшу реттілігі іске қосылады.

Экранда қалқыма терезе пайда болады.

Seconds to Automatic power-down  
Please press any Key to Cancel

150 секундтан кейін теледидар автоматты түрде күту режиміне өтеді. Автоматты өшуді болдырмау үшін қашықтан басқару пультындағы кез-келген батырманы басу қажет.

2. Автоматты өшу функциясын өшіру үшін опциялар мәзірінде Автоматты өшу (4 с) тармағын таңдау керек. Соңға не оңға батырмасын басыңыз. «Сіз автоматты өшуге тыйым салғыңыз келе ме?» деген хабарлама шығады.

ИӘ дегенді таңдау үшін солға көрсеткісі бар батырманы басыңыз.

Теледидар экранында Опциялар мәзірі қайта шығады да Автоматты өшу (4 с) опциясы көрсетіледі.

Автоматты өшу (4 с) ӨШ.

4 сағаттан кейін автоматты өшуге қайтадан рұқсат беру үшін жоғарыда көрсетілген әрекеттерді қайталау қажет, бірақ оңға көрсеткісі бар батырма көмегімен ЖОҚ дегенді таңдайсыз.

PVR файлдық жүйесі мәзірінде PVR үшін USB-дискіні баптауға болады.




## Ескерте

Зауыттық баптауларды қалпына келтірген кезде барлық бағдарламалар мен құпиясөздер жойылады.

## 6. БҒАТТАУ МӘЗІРІ

МӘЗІРДІҢ алтыншы тармағы - БҒАТТАУ.

Сіз жүйені бұғаттай, құпиясөз орната, бағдарламаны бұғаттай және ата-ана бақылауын орната аласыз. Жүйені бұғаттауды қосқан соң Сіз арналарды іздей немесе бағдарламаларды өзгерте алмайсыз.



Үнсіздік бойынша құпиясөз - 0000. Егер Сіз құпиясөзді ұмытып қалған болсаңыз, онда Сіз "супер құпиясөзді" пайдалана аласыз - 9443. Бағдарламаны бұғаттау: Бағдарламаны бұғаттау үшін оны ▼ ▲ батырмаларымен таңдаңыз да телемәтіннің жасыл батырмасын басыңыз. Бағдарламаны бұғаттан шығару үшін бас мәзірге кіріңіз, құпиясөзді енгізіп, тағы да жасыл батырманы басыңыз. Ата-ана бақылауы: ◀▶ батырмаларының көмегімен санатты таңдаңыз.

## 7. EPG (электронды хабарлар бағдарламасы) мәзірі.

EPG мәзірі күні бойы DTV арнасы немесе Радио бойынша қандай хабарлардың көрсетіліп жатырғанын көруге мүмкіндік береді. EPG мәзірін ашу үшін GUIDE батырмасын басыңыз – келесі мәзір шығады:




### 1. АҚПАРАТ

Бағдарламаны көмегімен таңдау. INFO батырмасын басқанда белгіленген бағдарлама туралы ақпарат шығарылады.

### 2. Кесте

Барлық орнатылған еске салулар тізімін қарау үшін телемәтіннің сары батырмасын басыңыз. Кестені жою үшін ▼ ▲ батырмаларының көмегімен тізімді таңдаңыз да қызыл DELETED батырмасын басыңыз.



### 3. Жазу

Бағдарламаны жазуға орнату қызыл батырма көмегімен жүзеге асырылады.

### 4. Еске салу

Көк батырманың көмегімен бір бағдарламаны таңдап, бір еске салу уақытын орнатыңыз. Таңдалған бағдарлама белгіленген еске салу уақытында теледидарда автоматты түрде қосылады.



## 8. PVR функциясы

### 1. Бағдарламаны жазуға дайындық

PVR функциясы DTV режимінде ғана жұмыс істейді. ОПЦИЯЛАР МӘЗІРІНЕН PVR файлдық жүйесін ашыңыз. "ОПЦИЯЛАР" МӘЗІРІНДЕ "PVR файлдық жүйесін тексеру" дегенді таңдаңыз. "OK" басыңыз - "тексеру орындалып жатыр" деген хабарламаның орнына "Сәтті" деген хабарлама шығуы тиіс.

Ескертпе: "жылдамдық" параметрін тексеріңіз. Егер "HD ұстайды" деген хабарлама шықса, бұл USB-құрылғының жылдамдығы уақыт бойынша жылжыту режимі үшін және жазу үшін жеткілікті екенін білдіреді. Әйтпесе, құрылғыны пішімдеп, оның жұмысқа дайын екеніне көз жеткізу қажет. Үнсіздік бойынша "Еркін жазу шегі", егер дискіде орын жеткілікті болса, 6 сағатты құрайды. Егер орын жеткіліксіз болса, жазу уақытын құрылғының қолжетімді жад көлеміне сәйкес қысқартқан жөн. "PVR файлдық жүйесін тексеру" кезінде ол аяқталғанша қандай да бір басқа әрекеттерді жасамаған жөн.

Жазу TV PVR жүйесінің көмегімен жүргізілуі тиіс. Жазба осы типтегі теледидарда ғана ойнатылады. .TS файлы пішімімен үйлеспейтін басқа құрылғы түрлерінде (компьютер, DVD және т.б.) ойнатылмайды. Теледидардан жазғанда жазбаны сақтау үшін қосылған USB-құрылғыны пішімдеу қажет етілетінін есте сақтаған жөн.

АБАЙЛАҢЫЗ. СЫРТҚЫ USB-ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПІШІМДЕГЕНДЕ ОҢДАҒЫ САҚТАЛҒАН БАРЛЫҚ ФАЙЛ МЕН АҚПАРАТ ЖОЙЫЛАДЫ.


Сақталатын ақпарат көлемі USB файлдық жүйесімен шектеледі.

Файлдық жүйе: NTFS - 2 Тб-ға дейін  
 FAT32 - 192 Гб-ға дейін  
 FAT16 - 2 Гб-ға дейін

ОПЦИЯЛАР МӘЗІРІНЕН PVR файлдық жүйесіне кіру:





Дискіні таңдау: жазба файлы сақталатын дискіні таңдаңыз.




PVR файлдық жүйесін тексеру: PVR файлдық жүйесінің USB-құрылғыға бапталған ба екені тексеріледі.



Пішімдеу:



(Құрылғыны жазу процесін жылдамдатуға мүмкіндік беретін "Жоғары жылдамдықты Fs..." функциясының көмегімен пішімдеу ұсынылады.)



Пішімдеу аяқталысымен келесі мәзір шығады:



Егер "Жоғары жылдамдықты FS" пішімдеу режимі таңдалған болса, Сіз уақыт бойынша жылжыту шамасын өзгерте аласыз:



## 2. Бағдарламаны жазу

DTV/DVB-S2 көзінен ойнатқан кезде арнаны таңдап, "●жазу" дегенді басыңыз – жазба жолы шығады. "●жазу" дегенді тағы бір басыңыз – жазба жолы жоғалып кетеді, сол жақ үстіңгі бұрыштағы "REC" белгішесі қозғалмай тұрады. "Тоқтату" дегенді басқанда ол жоғалып кетеді.

## 3. Жазбаны ойнату

USB-құрылғыға жазылған бағдарлама онда "\_MSTPVR" папкасында сақталады.

1. USB-құрылғыға жазылған ақпараттың көлемі 128 Мб-дан 500 Гб-ға дейін құрауы мүмкін, алайда тәжірибе тұрғысынан 2 Гб-дан 500 Гб-ға дейінгі көлемді пайдалану ұсынылады.

2. Бейнені беру жылдамдығы жеткіліксіз болғанда пикселдік пайда болуы мүмкін.

Бұл жағдай құрылғыны тікелей теледидарға емес, USB-кабел арқылы қосқанда орын алуы мүмкін.

3. USB-құрылғылардың бәрі бірдей үйлесе бермейді.

Төменде ұсынылатын USB-құрылғылардың тізімі келтіріледі.

Көрсетілмеген моделдер үйлесімді болуы мүмкін, бірақ дұрыс жұмыс істейтініне кепілдік берілмейді.

Ұстайтын USB-құрылғылардың тізімі де уақыт бойынша жылжыту функциясына жатады – келесі беттердегі мәліметтерді қар.

## 9. Уақыт бойынша жылжыту функциясы

### Бағдарламаны жазуға дайындық

Бұл теледидар қаралып жатқан сандық бағдарламаны кідіріске қойып, оны USB-құрылғыға жазып алып, қарауды кідіріске қойылған сәттен бастап жалғастыруға мүмкіндік береді.

#### Ескертпе

- USB 2.0 құрылғысын пішімдеу қажет етіледі. Пішімдер алдын құрылғыдағы деректерді сақтаған жөн. Пішімдеу барысында бұрын USB-құрылғыға сақталған барлық дерек жойылады.

### USB-құрылғыны пішімдеу

USB-құрылғыны пішімдеуді таңдаңыз да уақыт бойынша жылжыту функциясы үшін жад көлемін белгілеңіз.

#### Ескертпе

- Пішімдеу процесіне жоқ дегенде екі минут кетеді. Пішімдеу жүріп жатқанда қоректі ажыратпаңыз және USB-құрылғыны ағытпаңыз.
- Пішімдеу жүріп жатқанда USB-құрылғының жылдамдығы тексеріледі. Егер тексеру нәтижесі теріс болса, бұл USB-құрылғы уақыт бойынша жылжыту функциясын ұстамайды дегенді білдіреді.

### Кідіріске қойылған DTV бағдарламасын USB-құрылғыға жазу

1. DTV сигналы көзі режимінде USB-құрылғыны теледидардың бүйіржағындағы USB-портқа салыңыз.
2. Уақыт бойынша жылжыту функциясын іске қосу үшін Play(14) (ойнату) басыңыз. Телебағдарлама кідіріске қойылады. Уақыт бойынша жылжытудың экран мәзірі шығады да жазу басталады.
3. Уақыт бойынша жылжыту функциясын және бағдарламаны жазуды тоқтату үшін STOP (15) басыңыз.



#### Ескертпе

- Уақыт бойынша жылжыту функциясы қосулы болғанда USB-құрылғыны алмаңыз.
- 4 Гб жад буферіне жазу көлемі шамамен 140 минутқа сәйкес келеді.

**Уақыт бойынша жылжыту функциясының шектеулері:**

1. Уақыт бойынша жылжыту функциясы қосулы болғанда PLAY/PAUSE/STOP/VOL+/VOL-/MUTE батырмалары, сондай-ақ кейбір басқарудың негізгі батырмалары (OK/EXIT/ навигация батырмалары) ғана қолжетімді.
2. Егер USB-құрылғыға жазу жылдамдығы минималды талаптарға сәйкес келмесе, бейнежазбаны ойнатқан кезде кедергілер мен бұрмаланулар пайда болуы мүмкін.
3. Уақыт бойынша жылжыту функциясы қосу тұрғанда USB-дискіні шығармаңыз және қоректі ажыратпаңыз. Сигнал жоғалғанда функция жұмысы үзіледі.
4. Уақыт бойынша жылжыту функциясы жұмыс істеп тұрған уақытта сигнал көзін ажыратпаңыз.
5. PLAY/PAUSE/FWD/REV операциялары арасында жиі әрі көп мәрте ауысу ұнамсыз әрекет.
6. Егер бейнені беру жылдамдығы жеткіліксіз болса, жазбада пикселдік пайда болуы мүмкін.
7. USB-құрылғылардың бәрі үйлесе бермейді. USB интерфейсі бар қатқыл дискі < 500 мА тұтынуы тиіс. Төменде ұсынылатын USB-құрылғылардың тізімі келтірілген. Көрсетілмеген моделдер үйлесуі мүмкін, бірақ дұрыс жұмыс істейтініне кепілдік берілмейді.
  - San Disk Extreme® Contour™ USB Flash Drive - 8GB SDCZ8 - 8192 - E75
  - San Disk Extreme® Contour™ USB Flash Drive - 16GB SDCZ8 - 016 G - A75
  - Kingston Data Traveler 410 USB 2.0 Flash Drive - 8 GB DT410/8 GB
  - Kingston Data Traveler 410 USB 2.0 Flash Drive - 16GB DT410/16 GB
  - OCZ Technology Rally 2 USB 2.0 Flash Drive - 4GB OCZUSBR2DC - 4GB
  - OCZ Technology ATV USB 2.0 Flash Drive - 8GB OCZUSBATV - 8GB
  - OCZ Technology Rally 2 USB 2.0 Flash Drive - 8GB OCZUSBR2DC - 8GB
  - SAMSUNG - Hm500 J1 -500 G
8. Бұл функция сандық арналардың бәріне бірдей қолжетімді емес, атап айтқанда, шифрланған арналарға немесе "тек қана аудио" арналарға.

## 10. USB-ойнатқыш

Көз батырмасын басыңыз, көздер тізімінен USB таңдаңыз, ОК басыңыз – USB мәзірі шығады.



USB-құрылғы жалғағышқа салынуы тиіс. Медиа-сурет, музыка, кино және мәтін деген түрлердің біреуін таңдауға болады. ◀▶ батырмаларының көмегімен медиа түрін таңдаңыз, дискіні таңдау мәзірін шығару үшін ОК басыңыз.



◀▶ батырмаларымен тиісті дискіні таңдаңыз да медиа файлдарын және папкалар тізімін қарау үшін ОК басыңыз, немесе медиа түрін таңдау мәзіріне Оралуды таңдаңыз.



◀▶ немесе ▼▲ батырмаларының көмегімен медиа-файлды таңдаңыз – алдын ала қарау жақтауы шығады. Медиа-файлды толық экран режимінде ойнату үшін ▶ батырмасын басыңыз. Медиа-файл (сурет, кино немесе мәтін түріндегі) ойнатылып тұрған уақытта ОК батырмасын немесе Info батырмасын басқанда басқару панелі шығады.



◀▶ батырмаларының көмегімен функция белгішесін таңдаңыз да таңдауды растау үшін ОК басыңыз. Басқару панелін алып тастау үшін ▼ немесе EXIT батырмасын басыңыз (музыканы ойнату режимінен басқа).

### ⚠ Ескертпе

Бейнефайлды ойнату кезінде дыбыс жолағын немесе бағдарламаны Info мәзірінде ауыстыруға болады. Info мәзірін ашу үшін Info белгішесін тандап, ОК басыңыз.



Сурет файлдарының келесі пішімдері USB арқылы ойнатуға келеді:

- JPEG (JPEG пішімі, ".jpg" кеңейтімі бар файлдар)
- BMP (" .bmp" кеңейтімі бар файлдар)
- PNG (" .png" кеңейтімі бар файлдар)

Аудиофайлдардың (музыка) келесі пішімдері USB арқылы ойнатуға келеді:

- MP3 (" .mp3" кейтімі бар файлдар)

Мәтіндік файлдардың келесі пішімдері USB арқылы ойнатуға келеді:

- TXT (" .txt" кеңейтімі бар файлдар)

Бейнефайлдардың (фильмдердің) келесі пішімдері USB арқылы ойнатуға келеді:

- TS (MPEG2 және H.264)



## 11. "Қонақүй" режимі:

"Қонақүй" режиміне кіру үшін көз батырмасын басыңыз да "1001" нөмірін енгізіңіз.

Hotel Menu	
Hotel Mode	Off
Maximum Volume	100
Volume Default	0
Panel Button	Respond
Menu Button	Respond
Input Source Change	Yes
Input Mode Start	Off
Start Channel	--
Reset	
USB Clone	

**"Қонақүй" режимі:** "Қонақүй" режимін қосу/өшіру.

**Макс. дауыс қаттылығы:** Максималды дауыс қаттылығына шектеу орнатылады. Бұл опция дауыс қаттылығы деңгейінің шегін орнатуға мүмкіндік береді.

**Үнсіздік бойынша дауыс қаттылығы:** Қорек көзін қосқанда үнсіздік бойынша берілген дауыс қаттылығы орнатылады. ◀ немесе ▶ батырмаларының көмегімен қажет етілетін дауыс қаттылығын таңдаңыз

**Панель батырмасы:** Батырмаларды бұғаттау режимі қосылғанда олар қолжетімсіз болып қалады.

**Мәзір батырмасы:** Бас мәзірді бұғаттау – егер "Жоқ" нұсқасы орнатылған болса, бас мәзір көрсетілмейді.

**Сигнал көзін өзгерту:** Сигнал көзін бұғаттау – егер "Жоқ" нұсқасы орнатылған болса, сигнал көзін өзгерте алмайсыз.

**Сигналды қабылдау режимін қосу:** Төменде көрсетілген нұсқалардан сигнал көзін таңдаңыз:

DTV/ATV/SCART/YPBPR/PC/HDMI1/HDMI2/AV/USB(24",32",40",43"),  
DTV/ATV/SCART/YPBPR/PC/HDMI1/HDMI2/HDMI3/AV/USB(50").

Қажет етілетін сигнал көзі ◀ немесе ▶ батырмаларының көмегімен таңдалады.

**Арнаны қосу:** ТВ режимінде ТВ-ның ағымдағы арнасы ретінде орнатылатын арна нөмірін таңдауға болады.



















Қажет етілетін арна нөмірін ◀ немесе ▶ батырмаларының көмегімен таңдаңыз.

**Сақтық қорға салу:** USB-дискіге ТВ баптаулары туралы барлық деректің сақтық көшірмесі. (Сақтық көшірме файлының аты - DATABASE.bin)

**Қалпына келтіру:** USB-дискіден сақталған деректерді теледидарға қалпына келтіру. Қалпына келтіргенде теледидар қайта жүктеледі.

**Ысыру:** "Қонақүй" мәзірі үшін үнсіздік бойынша орнатылған баптауларға оралу.

## 05 Ақауларды іздеу және жою

Проблеманың бар екенінің белгісі				Тексеру
Кескін		Дыбыс		
	Шу		Шу	Антеннаның күйін, бағытын, қосылуын тексеріңіз
	Дубликатталған кескін		Қалыпты дыбыс	Антеннаның күйін, бағытын, қосылуын тексеріңіз
	Интерференция		Шу	Электронды жабдықтан, автомобилдерден/мотоциклдерден, флуоресцентті шамдардан кедергі бар
	Қалыпты кескін		Дыбыс жоқ	Дауыс қаттылығы ("дыбыссыз" функциясының қосылған ба, аудиожүйе дұрыс қосылған ба екенін тексеріңіз)
	Кескіні жоқ		Дыбыс жоқ	Қорек баусымын жалғаңыз. Қорек көзін қосыңыз. Контрастысын және жарықтығын/дауыс қаттылығын баптаңыз. Тексеру үшін басқару пультындағы күту батырмасын басыңыз.
	Түсі жоқ		Қалыпты дыбыс	Түсін баптаңыз
	Кескін "шашыраңқы"		Қалыпты немесе әлсіз дыбыс	Аرنаны қайта баптаңыз
	Түсі жоқ		Шу	ТВ-жүйе
	Астынан және үстінен қара жолақ		Қалыпты дыбыс	Жақтардың арақатынасын "zoom"-ға өзгертіңіз

## Ақауларды іздеу және жою

<p>ДК/ноутбукке қосқанда теледидарда ДК/ноутбук экранында көрінетін кескін шықпайды.</p>	<p>ДК және ноутбуктердің көбі VGA-жалғағышқа (ПК немесе ноутбүгіңіздегі 15 түйіспелі көк жалғағыш) қосқанда теледидар экранында немесе басқа сыртқы дисплейде кескін алу үшін пернетақтада кейбір батырмаларды басуды қажет етеді. Бұл, әдетте, F7 (Dell техникасы үшін), F4 (HP/Samsung үшін) немесе F5 (Toshiba үшін). Ноутбуктерде сіз F пернесімен Fn пернесін бірге басуыңыз қажет.</p>
<p>Мен өзімнің компьютерімді/ноутбүгімді теледидарға қостым, кескін шықты, бірақ дыбысы жоқ Неге?</p>	<p>VGA кабелі бейнеаппаратты немесе кескінді ғана береді. Сізге өзіңіздің ДК/ноутбүгіңіздегі құлақпап ұясынан (3,5 мм) теледидардағы 3,5 мм ұяға (PC Audio IN) жеке кабель қосу қажет. Сонымен қатар Сізге қашықтан басқару пультындағы Source батырмасының көмегімен «ДК» тармағын таңдау қажет. Балама ретінде, егер ДК/ноутбүгіңізде HDMI жалғағышы бар болса, ДК/ноутбүгіңізді HDMI кабелінің көмегімен қосыңыз. HDMI бірауақытта аудио- және бейнеинтерфейсті көрсетеді.</p>
<p>Арналарды ауыстырғанда кескін өлшемін автоматты түрде өзгертпейді.</p>	<p>Жақтардың арақатынасы үшін барлық кірістерде «Авто» мәні орнатылғанына көз жеткізіңіз: ATV, DTV, SCART, HDMI 1,2 және т.с.с.</p> <p>Жақтардың арақатынасын орнату үшін (Авто, 4:3 немесе 16:9) ATV-дан Source батырмасын басыңыз да барлық кіріс көздері (ATV, DTV, SCART, HDMI 1 және 2) үшін қайталаңыз, қанша дегенмен әр кіріс көзі бөлек бақыланады.</p> <p>"Мәзір" батырмасын басыңыз</p> <p>"Кескін" ішмәзіріне рұқсат алу үшін оңға көрсеткіні басыңыз.</p> <p>Жақтардың арақатынасын таңдау үшін астыға көрсеткіні басыңыз. "Авто" таңдаңыз. "Шығу" басыңыз.</p> <p>Барлық кіріс көздері үшін осы әрекеттерді қайталаңыз.</p>
<p>Мен жаңа ғана теледидарыма DVD-ойнатқышты немесе басқа жабдықты қостым, ол болса жұмыс істемейді.</p>	<p>Бұл теледидарға қосылатын кез-келген жабдыққа төн</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Теледидарды және DVD-ойнатқышты өшіріңіз (электр желісі розеткаларынан ашаны суырыңыз, оларды күту режиміне ауыстырмаңыз).</li> <li>2. SCART жалғағышына қосылған барлық жабдықты өшіріңіз.</li> <li>3. Теледидардан SCART-штекерін суырыңыз.</li> <li>4. Ашаны сұғып, теледидарды қосыңыз.</li> <li>5. DVD-ойнатқышын жалғап, қосыңыз.</li> <li>6. Көздер мәзірінде HDMI таңдаңыз.</li> <li>7. DVD-ойнатқышта ойнатуды басыңыз да фильмнің дұрыс ойнатылып жатырғанына көз жеткізіңіз. ЕСКЕРТПЕ: SCART ұясы HDMI ұясынан басым. Теледидардағы SCART жалғағышына қосылған жабдықтың дәл өшірулі болғаны (күту режимінде қалдырылмағаны) маңызды.</li> </ol> <p>Жоғарыда аталған қадамдарды орындаңыз. Егер оларды орындағаннан кейін DVD-ойнатқыш жұмыс істеп тұрса, демек, теледидарда проблема жоқ. Мүмкін, HDMI-кабелдер теледидар жалғағышына теледидар қосулы тұрғанда сұғылған немесе ағытылған болар.</p> <p>Жабдық қосулы тұрғанда HDMI кабелдерін немесе кез-келген сандық жабдықты ағытпаңыз немесе қоспаңыз. Кез-келген сандық жабдықты ағытқанда немесе қосқанда бүкіл жабдықты әрдайым толығымен өшіріп отырыңыз.</p>

## Сандық теледидардың ақауларын жою: проблемалар және оларды шешудің ықтимал жолдары.

### Кескін пикселдерге бөлінеді

Сигналды қабылдаумен болатын проблемаға тән мысал **кескінің пикселдерге "шашырап кетуі"** (пикселдену) немесе **қатып қалуы** (кескін қатып қалады); кейде **сыртыл** немесе **шиқыл** пайда болады, **дыбыс жоғалып кетеді** немесе **қабылдау жоқ**.

Сурет пикселдерге сандық бейнесигналдың жоғалып кетуі себепті бөлінуі мүмкін. Сигналдың жоғалып кетуі түрлі проблемалар себепті орын алады: антеннадан сигналдың әлсіз берілуі себепті (төмендегі телевизиялық антенналар дегенді қар.), кабель сигналдың әлсіздігі себепті (егер кабелдік ТВ пайдаланылатын болса). Егер проблема сигнал әлсіздігінде болса, сигналды күшейткіштерді пайдалану қажет. Сізге кіріктірілген күшейткіші немесе алдын ала күшейткіші орнатуға көмектесетін маманға жүгініңіз. Бұл сигнал деңгейін арттырып, пикселдену проблемасын жоюға септігін тигізеді.

Егер сіз телевизиялық сигналды жерсерік арқылы алатын болсаңыз, қатты жел салдарынан табақшаның орнынан қозғалып кетпеген бе екенін, сондай-ақ сигналды ағаштардың бөгеп тұрған жоқ па екенін тексеріңіз. Ағаштар проблема туғызуы мүмкін, өйткені телевизиялық сигнал жерсерік табақшасы мен жерсерік арасындағы ағашта жапырақтың бар-жоқтығына байланысты өзгеруі мүмкін.

### Арналардың жоқтығы

Сіз кейбір арналардың жоқтығын байқауыңыз мүмкін, немесе сіз арналарды дұрыс емес өңірден қабылдап жатырсыз. Кейде **интерактивті қызметтер (қызыл батырма) жұмыс істемеуі мүмкін**. Бұл әдетте әлсіз сигнал салдарынан орын алады, «Телевизиялық антенналарды» қар.

### Телевизиялық антенналар

Теледидар телевизиялық антеннадан сандық эфирлік телевидение сигналын алады. Аналогтық телевидениеге жақсы тарыған ескі антенналар сандық жабдыққа тарымауы мүмкін, бұл жаңғыртуды қажет етеді. Егер теледидар DTV режимінде кейбір арналардың, бірақ барлығының емес, сигналын қабылдайтын болса, мәселен BBC1, BBC2, Channel 4, бірақ ITV немесе Channel 5 емес, бұған көбінесе антеннаның жұмыс ауқымының тарлығы себеп болады. Сондықтан оны кеңге ауқымға өзгерту қажет.

### Сымдар мен кабелдер ақтауы

Теледидарды тексеріңіз. Ақтық жағындағы сымдары - қорек, антенна, жерсеріктік телевидение қабылдағышы, бейне-немесе DVD-ойнатқыш/рекордер дұрыс жалғанған ба? SCART-кабелдер жалғамасы уақыт өтісімен жиі босап қалуы мүмкін, бұл аудиосигналмен де, бейнесигналмен де проблема туғызуы мүмкін. Не сол, не оң аудиоарна болмауы мүмкін, ал түстер - бұлғынғыр немесе анық емес болуы ықтимал. SCART штекерлерін тірелгенше салыңыз, бұл проблеманы шешуі тиіс.

HDMI штекерлерін тірелгенше салу қажет; түйсу соңғы миллиметрінде орын алады. Әдетте, HDMI штекерінің қара пластик бөлігі теледидар немесе құрамбөлік корпусына тигенше жақын орналасуы тиіс.

HDMI кабелдерін қосқан кезде, егер қосу теледидар немесе басқа құрамбөлік жұмыс істеп тұрған уақытта орындалатын болса, проблема туындауы мүмкін. Қосқан кезде әрдайым теледидарды да, қосылатын жабдықты да өшіріп отырыңыз. Штекерлер мен жалғағыштарды тексерген соң теледидарды және оған қосылған кез-келген жабдықты өшіріңіз, кейін оларды қайтадан қосыңыз.

### Мен компьютерді теледидарға қостым. Дыбысы жоқ.

Егер сіз ПК/ноутбукті теледидарға VGA кабелін (15 түйсіпелі Sub D) пайдаланып қосқанда аудио-сигнал болмаса; теледидарға ПК/ноутбуктен жеке аудио-кабель қосу қажет болады.

### Табиғи емес түстер мен дене түстес реңктер

Табиғи емес дене түстес реңктер мен басқа түстер тіпті теледидарыңыз анықтылығы жоғары жаңа болғанның өзінде де қиындық тудыруы мүмкін. Бұл дүкенде көрсету үшін онтайландырылған теледидардағы кескін баптаулары салдарынан орын алуы мүмкін. Бұны кескін мезірінде кескін режимін табиғиға өзгертіп түзетуге болады. Дәлдігі жоғары болуы үшін кескін мезірінде түстерді, контрасты мен жарықтықты қолмен баптап көріңіз.

